

# «ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕ»(УӘЖ) ТЕХНОЛОГИЯСЫ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА

Баетова Анар Ермекқызы

Шу ауданы, М.Мақатаев атындағы мектебі, география пәнінің мұғалімі

ҮӘЖ технологиясының негізгі мәні мен айрықша ерекшелігі – әр тақырып бойынша әр оқушының оқу жетістігі бағаланады. Ол үшін міндетті түрде барлық тақырып бойынша әр оқушымен сабақтың соңында кері байланыс (III кезең – нәтижеге бағытталған бөлімде) жүргізіледі. Оқушылардың оқу жетістігі әділ бағаланып, мониторингке тіркеліп отырылады.

Мысалы, 11 сыныпта АҚШ-тың экономикалық аудандары тақырыбы бойынша құрастырылған I, II және III кезең тапсырмаларының сапасына назар аударайық. Сабақтың тақырыбы: АҚШ-тың экономикалық аудандары Жұмыс дәптері (45 минут)

Оқушыға тапсырма: Төмендегі бос орындарға жауап жазыңдар  
(асты сызылған курсив сөздердің орнында оқушы дәптерінде бос орын қалдырылады)

## АҚШ-тың экономикалық аудандары

### ЕСІҢЕ ТҮСІР!

(оқушылар үйден дайындалып келеді)

#### Сұрақтарға жауап беріңіз:

АҚШ жерінің игерілуі мен мемлекеттің қалыптасу кезеңдерін естеріңе түсіріңдер.

1. АҚШ аумағындағы 4 экономикалық аудан қандай деңгейіне қарай қалыптасқан:

Ж: Тарихи-мәдени ескерткіштері мен әлеуметтік- экономикалық даму деңгейіне қарай 4 экономикалық аудандарға бөлінген

2. Солтүстік аудан қалай аталады

Ж: «Ұлт шеберханасы»;

3. Орта Батыс ауданның атауы

Ж: Өнеркәсіпті және ауыл шаруашылықты аудан;

4. Оңтүстік аудан атауы

Ж: Ғылыми-техникалық революция жетістіктеріне жеткен, ауыл шаруашылықты;

5. Батыс аудан қандай аудан?

Ж: Елдегі ең жас, жедел даму үстіндегі аудан;

Ондай болса, балалар, бүгінгі сабағымыз осы АҚШ-тың экономикалық аудандарына арналады.

### Жаңа тақырыпты оқушыларға өз бетімен меңгерту тапсырмалары (топтық жұмыс)

#### 1-қадам: «Білу» тапсырмаларын меңгерту

#### Бос орынға тиісті сөздерді жазыңдар.

1. Солтүстік-Шығыс экономикалық аудан АҚШ мемлекетінің қалыптасуына негіз болған алғашқы 13 штаттың солтүстікке қарай орналасқан тоғызының аймағын қамтиды.

2. Солтүстік –Шығыста алғашқы қоныстанушылар Жаңа Англия деп атаған.

3. Жаңа Англияның ең ірі қаласы Бостон болды.

4. Солтүстік-Шығыс мегаполисі («Босваши») орналасқан

5. Босвашта 45 млн адам тұрады.

6. Солтүстік-Шығыс ауданының басты қалалары Нью-Йорк пен ел астанасы Вашингтон

7. Елдің «экономикалық астанасы»- Нью-Йорк

8. Нью-Йоркте газеттердің өзі 15 тілде басылып шығарылады

9. Ұлы көлдер маңы мен Ұлы жазықтың негізгі бөлігінде орналасқан штаттарды қамтитын аудан –Орта Батыс аудан

10. 1803 жылы Мичиган көлінің оңтүстік жағалауында Чикаго қаласы бой көтерген

11. Чикаго мен Питсбург аралығында ірі көл маңы мегаполисі («Чипиттс») қалыптасқан.

12. Оңтүстік ауданның аса ірі қалалары-Хьюстон, Даллас, Форт-Уэрт, Атланта  
13. АҚШ жерінің жартысын Батыс аудан алып жатыр  
14. Лос- Анджелестің іргетасын 1781 жылы испандар қалаған.Қала маңындағы Голливудты «кино фабрикасы» деп атайды, мұнда әлемге әйгілі киностудиялар орналасқан. Голливуд жанында кино жұлдыздары тұратын атақты Бeverли- Хиллз ауданы орналасқан.

### 2-қадам: «Түсіну» тапсырмаларын меңгерту

#### Себебін анықта.

1. Не себепті Нью- Йоркте өте биік ғимараттар салынған.

Ж: Мұнда жер өте қымбат болғандықтан

2. Халықаралық сауда орталығының қос ғимараты не себепті қирады?

Ж: 2001 жылы 11 қыркүйекте болған террорлық әрекет нәтижесінде.

3. Нью-Йоркті не себепті «ұйықтамайтын қала» дейді?


Ж: Өйткені бұл алып қала түнгі мезгілде электр шамдарымен, мыңдаған жарнама тақталарымен күндізгідей жарық болып тұрады және миллиондаған автокөліктер жүрісі бір сәтке де толастамайды

4. Не себепті АҚШ астанасы-Вашингтон деп қойылған

Ж: Қала аты тұңғыш президент Джордж Вашингтонның құрметіне қойылған

### 3-қадам: «Талдау» тапсырмаларын меңгерту

Венн диаграммасы арқылы экономикалық аудандардың ерекшеліктерін анықта.



### 4-қадам: «Жинақтау» тапсырмаларын меңгерту

#### Тест сұрақтарына жауап бер.

1.Орта Батыс ауданның ірі қаласы

2.АҚШ-тағы ең биік ғимарат

3. Нью-Йорктегі ең ұзын және кең көше

4. Жолаушы тасымалы көрсеткіші бойынша 4-ші орындағы әуежай

### 5-қадам: «Қолдану» біліктілігін қалыптастыру

1. АҚШ тың қалалары мен көшелерінің өзіндік ерекшеліктерін анықта.

### 6-қадам: «Баға беру» біліктілігін қалыптастыру

#### Сен қалай ойлайсың?

АҚШ аумағында 4 экономикалық аудан қандай ерекшелігіне қарай қалыптасқан деп ойлайсың?

Ж. Тарихи-мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік экономикалық даму деңгейіне қарай қалыптасқан.

1 аудан «Ұлт шеберханасы», 2 аудан «Өнеркәсіпті және ауыл шаруашылықты», 3 аудан «Ғылыми-техникалық революция жетістігіне жеткен ауыл шаруашылықты» 4аудан елдегі ең жас, жедел даму үстіндегі аудан.

Келесі кері байланыс – **үшінші кезеңде** бұл тапсырмалар төмендегі критерийлер бойынша үш деңгейге іріктелініп, оқушылардың **жеке жұмыс** барысында қайта орындатылып, ұпай жинатылды.

**Нәтижеге бағытталған бағалау бөлімі**  
**(12 балдық критериалды бағалау жүйесі арқылы кері байланыс жүргізіледі)**

**I деңгей (5 балл)**

**1-қадам: «Білу» білімін бағалау**

**Сұрақтардың жауабын толықтыр.**

**1-тапсырма:**

Солтүстік-Шығыс экономикалық аудан қанша штатты қамтиды?

Ж: АҚШ мемлекетінің қалыптасуына негіз болған алғашқы 13 штаттың солтүстікке қарай орналасқан тоғызының аймағын Солтүстік-Шығыс экономикалық аудан қамтиды.

**2-тапсырма:**

Босвашта қанша адам тұрады?

Ж: («Босваши») - Солтүстік-Шығыс мегаполисі , 45 млн адам Босвашта тұрады.

**3-тапсырма:**

Орта Батыс аудан қайда орналасқан? Оңтүстік ауданның аса ірі қалаларын ата

Ж: Орта Батыс аудан - Ұлы көлдер маңы мен Ұлы жазықтың негізгі бөлігінде орналасқан штаттарды қамтиды, ірі көл маңы мегаполисі («Чипиттс») Чикаго мен Питсбург аралығында қалыптасқан. Хьюстон, Даллас, Форт-Уэрт, Атланта-Оңтүстік ауданның аса ірі қалалары

**4-тапсырма:** АҚШ-тың «кино фабрикасы» атанған қалаларын ата?

Ж: АҚШ-тың «кино фабрикасы» Қала маңындағы Голливуд, мұнда әлемге әйгілі киностудиялар орналасқан . Бeverли-Хиллз - Голливуд жанында кино жұлдыздары тұратын атақты аудан.

**2-қадам: үлгі бойынша «Қолдану» біліктілігін бағалау**

**5-тапсырма: Географиялық диктант**

1.Атланта қаласындағы дәріханашы ойлап тапқан сусын фирмасы

Ж.: «Кока-кола»

2. Оңтүстік ауданның ең ірі штаты

Ж: Texas

3.АҚШ-та неше штат бар

Ж: 50 штат бар

**II деңгей (5 балл+4 балл = 9 балл)**

**1-қадам: «Түсіну» білімін бағалау**

**Себебін анықта:**

**1-тапсырма:**

1. Нью-Йоркте не себепті өте биік ғимараттар салынған.

ЖМұнда жер өте қымбат болғандықтан

2. Не себепті Халықаралық сауда орталығының қос ғимараты қирады?

Ж. 2001 жылы 11 қыркүйекте болған террорлық әрекет нәтижесінде

3. Нью-Йоркті не себепті «ұйықтамайтын қала» дейді?

Ж.Өйткені бұл алып қала түнгі мезгілде электр шамдарымен, мыңдаған жарнама тақталарымен күндізгідей жарық болып тұрады және миллиондаған автокөліктер жүрісі бір сәтке де толастамайды

4. Не себепті АҚШ астанасы-Вашингтон деп қойылған

Ж. Қала аты тұңғыш президент Джордж Вашингтонның құрметіне қойылған

**2-тапсырма:**

Не себепті қала Атланта деп аталынған

Ж: Себебі, 1843 ж Ұлы жазықтар мен Атлант мұхиты жағалауын жалғастырып жатқан Атланттық теміржол бойында теміржол станциясы ретінде пайда болған.

2.Не себепті Лос-Анджелес аспанында зиянды улы түтіннің түзілуінен қаланың экологиялық жағдайы нашарлауда.

Ж: Себебі, Қаладағы 5 млннан асатын автокөліктерден зиянды улы түтіннің түзілуінен

3.Неліктен Хьюстон қаласын «химиялық астана» деп атайды

Ж: Себебі, Мұнай өңдеу негізінде Химия өнеркәсібі күшті дамыған Хьюстон қаласының өзінде 200-ден астам химия кәсіпорындары бар.

### 2-қадам: «Талдау» тапсырмаларын бағалау

**3-тапсырма:** Экономикалық аудандардың ерекшеліктерін анықта.

Аудан аты	Ұқсастықтары	Ерекшеліктері:
Солтүстік-шығыс аудан	АҚШ-тың экономикалық аудандары	Ерте игерілген аудан -«Жаңа <u>Англия</u> » д\ а. « <u>Ұлт шеберханасы</u> ».Басты ірі қалалар осында
Орта батыс		Тоғыз жолдың торабында орналасқан ; АҚШ-тағы ең биік ғимарат –« <u>Сирс Тауэр</u> » пішіні жүгері собығына ұқсайтын қос ғимарат. <u>Өнеркәсіпті және ауыл шаруашылықты</u> аудан
Оңтүстік аудан		Жылы субтропиктік климатымен FTR-ны бастан кешкен ауыл <u>шаруашылықты</u> аудан
Батыс аудан		Қиыр Батыс- <u>прерилерді</u> алып жатыр; Таулы Батысқа - <u>Сенгір таулар мен шөлді</u> аудандар жатады. Тынық мұхит Батысына- <u>Калифорния, Аляска, Гавай</u> штаттары

2. Тақырыптың басты идеясын жаз.....

### 3-қадам: өзгертілген жағдайда «Қолдану» біліктілігін бағалау

**4-тапсырма:** Сәйкестендір:

1. Жаңа Англия -	3. Уолл- стрит Нью-Йорктегі аса ірі банктер мен қаржы мекемелері орналасқан дүниежүзіне белгілі іскер орталық
2. «Босваш» -	4.Өйткені бұл алып қала түнгі мезгілде электр шамдарымен, мындаған жарнама тақталарымен күндізгідей жарық болып тұрады және миллиондаған автокөліктер жүрісі бір сәтке де толастамайды
3.«Қабырға көше»-	5. Нью- Йорктегі ең ұзын және кең көше
4.«Ұйықтамайтын қала»-	6. Чикаго мен Питсбург ірі Көл маңы мегалополисі
5. Бродвей –	2. С-III мегалополисі
6. «Чипитте» -	1. Солтүстік-Шығыс аудан

III деңгей: (5 балл + 4 балл +3 балл = 12 балл)

### 1-қадам: «Жинақтау» білімін бағалау

**1-тапсырма:** Тест сұрақтарына жауап бер.

1.Орта Батыс ауданның ірі қаласы

А) Вашингтон, Ә) Даллас, Б) Атланта, В) Питсбург

2. АҚШ-тағы ең биік ғимарат

А) УиллисТауэрс, Ә) Капитолий, Б) Уолл-стрит, В) Форт-Уэрт

3.Нью-Йорктегі ең ұзын және кең көше А) Бродвей,Ә)Стрит, Б) Форт, В) Уэрт

4. Жолаушы тасымалы көрсеткіші бойынша 4-ші орындағы әуежай

А) О,Хари ,Ә)Стрит, Б) Форт, В) Уэрт

## 2-қадам: «Баға беру» біліктілігін бағалау

### 2-тапсырма:

1. АҚШ-тың экономикалық аудандарын оқып-үйрену керек деп ойлайсың ба?

Ж: Әрине, біздің еліміз бен АҚШ арасындағы жан-жақты қарым-қатынастардың дамуы үшін өте қажет деп ойлаймын.

3-тапсырма: Тақырыптың мазмұны бойынша эссе (пікірінді) жаз: не алдың?

Тағы не білгің келеді? Ол туралы мәліметті интернеттен, басқа да ақпарат көздерінен тауып, реферат жаз. Реферат жазу стандарттан жоғарғы – 4-деңгей тапсырмасы болады. Сондықтан ол бөлек қосымша бағаланады.

Үш деңгейлік тапсырмалар жүйесі стандарт анықтаған мазмұнды ғана қамтиды және оларды орындау барысында оқушылар зерттеушілік әдісті меңгеретін болады, егер тапсырмалар Б.Блум теориясының негізінде іріктелген болса. В.П. Беспалько ұсынған төртінші деңгейінің тапсырмаларын оқушылар жоғарыда меңгерген зерттеу әдісін пайдаланып, қалыптан тыс (стандарттан жоғары) шығармашылық жағдайда өз бетімен орындайды (олимпиадалық тапсырмалар, реферат жазу, ғылыми жобалар қорғау, үйірме, селективті курстар, факультатив сабақтар мазмұны, т.б.). Олар стандарттан жоғары мазмұнда болғандықтан, өздері бөлек 12 балдық жүйемен бағаланады.

Сабақ барысында әр деңгей тапсырмасының дұрыстығын тексергеннен кейін, тақтада ілініп тұратын «Ашық журналға «+» белгісін оқушылардың өздеріне қойғызып отырдым (1-кесте).


### 11 "Ә" сыныбының "АШЫҚ ЖУРНАЛЫ"

**Тақырыбы:**

**"АҚШ-тың экономикалық  
аудандары"**

("+" - класта, "V" - үйде орындалған тапсырмалар

№	Оқушылардың аты-жөні	I деңгей Барлығы 5 балл					II деңгей Барлығы 4 балл				III деңгей Барлығы 3 балл		сыныпта жинаған баллы	Үйде	Барлық балл	Баға
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	1	2				
1	Алпамыс Біржан	+	+	+	+	+	v	v	v				5	3	8	3
2	Абдахметова Мөлдір	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v	v	8	3	11	5
3	Ақжол Гаухар	+	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v	9	2	11	5
4	Исабекова Алина	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v		8	3	11	5
5	Сапанова Ақзат	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v		8	2	10	4
6	Турсынов Азамат	+	+	+	+	+	+	v	v	v	v	v	6	5	11	5
7	Өнербек Назерке	+	+	+	+	+	+	+	v	v			5	3	8	3
8	Абаева Динара	+	+	+	+	+	+	v	v	v			6	3	9	4
9	Әбдіғұлова Салтанат	+	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v	9	2	11	5
10	Бүргенбай Дана	+	+	+	+	+	+	+	v	v			7	2	9	4
11	Дүйсебай Шынар	+	+	+	+	+	+	v	v				6	2	8	3
12	Жақсылық Абай	+	+	+	+	+	+	+	v	v			6	2	8	4
13	Имирова Гүлшат	+	+	+	+	+	+	+	+	v			8	1	9	4
14	Нұрғали Айдана	+	+	+	+	+	+	+	+	v	v	v	8	3	11	5



### Сынып оқушыларының білім сапасының мониторингі

Үшінші кезеңнің мұндай үш деңгейлік тапсырмаларын оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минут аралығында орындады + 3 минут қортынды жасалды. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтап келді. Қортынды ұпайы саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылды, мониторингке тіркелді.

Дәстүрлі журналға қосымша өзіме де жеке журнал (немесе мектеп сайтында электрондық журнал) арнадым. Ол үнемі қолымызда болады және әрбір оқушы жетістігінің көрсеткішін қадағалау арқылы үлгермей жатқан оқушыларға дер кезінде көмек көрсету үшін қажет екендігіне көзіміз жетуде. Бұл журнал «Ашық журналдың» толық көшірмесі болып табылады. Оқушылар да әр тақырып бойынша өз жетістіктерін өздеріндегі жұмыс дәптерінің соңына тігілетін бағалау парағына (күнделік орнына) және “Оқушының даму мониторингісіне” белгілеп отырады (1-сурет).

ҮӘЖ технологиясын қолдану жағдайында барлық оқушылар жеке басының қабілетіне сәйкес бағытта *терең де берік* білім алады. Ең бастысы: әр оқушының, аз дегенде, бір пәнге болса да, қызығушылығы оянады. Қабілетсіз бала болмайды, сондықтан оқушының «ұйықтап» жатқан қабілетін «оятып» дамыту, және 5-6 сыныптан бастап барлық оқушыларды ерте кәсіби бағдарлау мәселелері шешімін табады. Бұл жағдайда оқушы мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару (рефлексивті амал негізінде) арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Беспалько В.П., Слагаемые педагогической технологии, -М.: Педагогика, 1989, -192с.
2. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. -М.: Педагогика, 1989, –560с.
3. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения, //автореф. докт. диссерт., Алматы, 1994г.
4. Кобдикова Ж.У., Теория и практика модернизации педагогической системы обучения на основе технологического подхода, докт. диссерт., 2010г., 230с.